

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 17 сәуірдегі № 200 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2018 жылғы 17 сәуірдегі  
№ 200 қаулысымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер**

1. "Концессия мәселелері жөнінде мамандандырылған ұйым құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 шілдедегі № 693 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 33, 343-құжат):

2-тармақтың 1) және 5) тармақшалары алып тасталсын.

2. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 59-60, 555-құжат.):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

104) тармақша алып тасталсын;

130), 339-12), 339-13) және 339-16) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"130) Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту орталығының сараптамасы негізінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына жасалған бизнес-жоспарға қорытынды дайындау;"

"339-12) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылуын бағалау, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі тікелей келіссөздер кезінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына жасалған бизнес-жоспарға, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық құжаттамасына

сараптамалар жүргізу үшін, оның ішінде оларға тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту орталығын тарту;

339-13) республикалық мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша, оның ішінде оған тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық құжаттамасын келісу;"

"339-16) экономиканың жекелеген салаларында (аясында) мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру тәсілдері бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының үлгілік конкурстық құжаттамалары мен мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің үлгілік шарттарын келісу;"

17-тармақтың 125) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"125) "Концессиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 3-3) тармақшасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, концессиялық жобалардың және концессия шарттарының конкурстық құжаттамасын, оның ішінде оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде келісу;"

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 14.07.2023 № 584 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 21.06.2023 № 492 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2018 жылғы 17 сәуірдегі  
№ 200 қаулысына  
қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 21.06.2023 № 492 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.